



БҰЙРЫҚ

Атырау қаласы
«05» мамыр 2023 жыл

ПРИКАЗ

город Атырау
№ 373/1-Н

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2-тарауының 4-тармағы негізінде Атырау облысы әкімі аппаратының басшысымен бекітілген, 2023 жылға арналған «Сыбайлас жемқорлықпен күрес және оған қарсы іс-қимыл» № 4 үлгілік базалық бағытын жүзеге асыру жоспарына сай, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМҚда (бұдан әрі-АОБА), сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу үшін төмендегі құрамдағы жұмысшы тобы құрылсын.

- 1) Муахнбеткалиева А.Т. – экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы;
- 2) Кадыргалиев Б.Б. – кәсіподақ комитетінің төрағасы;
- 3) Дабысов Е.Ж. – консультативті-диагностикалық бөлімшенің меңгерушісі;
- 4) Муслимов Ш.Т. – заңгер;
- 5) Абишева А.Т. – комплаенс қызметкері;

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынандай бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

1) АОБА қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) АОБА персоналды басқару бөлімінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу кезеңі: 10.05.-10.06.2023 жыл ішкі талдау бойынша анықтама қалыптастырылсын.

4. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою туралы ұсынымдар бар ішкі талдау анықтамасы кәсіпорынның бірінші басшысына және шаралар қолдану үшін 2023 жылдың 11 маусымына ұсынылсын.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың анықтамасы 30 маусымға дейін Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасына жолданып отырылсын.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданып жатқан) шаралар туралы ақпарат кәсіпорынның интернет-ресурстарында орналастырылсын.

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық комплаенс қызметкері А.Т.Абишеваға жүктелсін.

Директор



Айтмухамбетов Н.А.

Заңгер

Бұйрықпен танысты: